



DEPARTMENT OF  
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:  
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
5 мамыр 2020 ж.

---

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ  
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:  
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной  
научно-практической конференции  
5 мая 2020 г.

**Нур-Султан, 2020**

УДК 327(063)  
ББК 66.4 (0)  
С 69

**Редакционная коллегия:**

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан  
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия  
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция  
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания  
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

**Организационный комитет конференции: E-mail: [polscience323@gmail.com](mailto:polscience323@gmail.com)**

**Информация о конференции на сайте: [enu.kz](http://enu.kz)**

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

**«Социально-политическая модернизация казахстанского общества:  
перспективы и вызовы».**

Сборник материалов X- Международной научно-практической  
конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

**ISBN 978-601-337- 131-3**

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жангыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.*

**ISBN 978-601-337- 131-3**

© Кафедра политологии  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

ӘОЖ 32.019.5 (574)

Дюсембекова Майра Құсайынқызы  
С.ғ.к., доцент Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
[maira.enu@mail.ru](mailto:maira.enu@mail.ru)

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы,  
Жанпейісова Қарғаш Далелханқызы  
С.ғ.к., доцент Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
[zhanpeisova73@mail.ru](mailto:zhanpeisova73@mail.ru)

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы  
Абай философиясы қазіргі әлеуметтік-саяси шындығы ретінде.

## АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Abstract:** The article analyzes the socio-political views of a world-class thinker Abay Kunanbayev, the founder of the spiritual values of the Kazakh nation. The work of the great thinker raises the eternal questions of mankind. In the Kazakh social system, he seeks truth in matters of power, management, law. He struggled with the contradictions of society and worried about the development of the Kazakh people. Therefore, in the article the greatness of Abay is determined by the eternity of his views.

**Keywords:** socio-political views, power, elections, eternity, national values, justice, laws

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қоғамның әр саласын қамтыған өткір мәселелерден тұрады. Әдеби, ақындық жолынан бөлек саясатқа арнайы еңбегін арнамағанымен, өз заманындағы билік, заң, сайлау сияқты мәселелерге қоғамдық-саяси көзқарасын білдіргенін оның саяси әрекеттерінен білеміз. Сондықтан мақалада Абайдың ақындығынан басқа, тұлғалық көзқарасы, ұлтының болашағына рухани құндылығына сіңірген еңбегіне талдау жасалады.

Ұлтымыздың тарихында ерекше орын алатын кемеңгер ойшыл, ұлы тұлға, ақын Абайдың ұлтына сіңірген еңбегі мемлекеттік деңгейде атап өтілуде. Ұлы ақынның мерейлі тойына байланысты Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың «Абай және 21-ғасырдағы Қазақстан» [1] атты мақаласы рухани жаңғыру аясында ерекше орын алды. Бұл мақала ұлтымыздың рухани құндылығы болып табылатын Абайдың айрықша орнын, ұлттық болмысымызды қалыптастырудағы рөлін айқындап, ақын мұрасына назар аудару қажеттілігін көрсетті. Себебі, ұлы ойшылдың өз заманында көтерген қоғамдық-саяси мәселері бүгінгі күннің де және болашақтың да алдында тұрған өзекті сұрақтар екені сөзсіз. Өйткені ол мәңгілік өзекті мәселе адамзат құндылығын қозғайды. Осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұрпағына үлкен мақсаттар мен талаптар қойып кеткен еді.

Абай ұлтының кемшілігін қатты сынағанымен, ол – қазақ халқының білімді, мәдениетті, дамыған елге айналғанын қалады, армандады. Абай мұрасын бүгінгі ұрпақтың білуі ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімін оятуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіруге әсер етері сөзсіз. Сонымен қатар, тәуелсіз ел болып дамуымыз, мына жаһандық дәуірде бәсекелес елге айналуымыз үшін, дінгегі мықты, рухани құнарлы ел болуда Абай мұрасының орны зор. Тарихын, тілін білмеген, өз мәдениеті мен құндылығын бағаламаған ел болашақта мықты елге айналуы өте қиын.

Сондықтан, ұлт ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін, тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайту үшін де Абайдың ой-тұжырымдарына зейін қойғанымыз дұрыс.

Абай жалғыз қазақ халқының ойшылы емес, адамзаттың ортақ құндылығы. Әлем халқы мойындаған дара тұлғаны ұлттық тұрғыда зерттеп бағалағанымыз орынды. Сондықтан, біз үшін Абай шығармаларын ұрпаққа таныстыру маңызды.

Абай шығармаларының қоғамдық-саяси мазмұнана тоқталатын болсақ, ғұлама пікірі билік қатынастары, қоғамның саяси мәселелері тікелей адамның адамгершілік қасиеттерімен байланысты. Кез-келген билеуші ел басқармасы бұрын ең алдымен адами, имани қасиеттерге бай болуы керек. Адамгершілігі саяз басқарушыдан қоғам тек зиян шегетінін Абай шығармаларынан байқаймыз. Бұл мәселе қазіргі біздің қоғамымызбен тікелей байланысты. Қазіргі саясатпен, ел басқарумен айналысатын адамдар Ұлы ойшылдың көзқарасымен сусындаса тек пайдасы болар еді. Сондықтан билікке өз мақсат-мұратың үшін емес, еліміздің дамуына не істей аламын деп бару рухани құндылығы биік тұлғаның принципі. Осы мәселеге байланысты Абайдың көптеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына тікелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір келемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз» деген пікір білдіреді М. Әуезов [2]. Абай шығармашылығын зерттеу арқылы оның әлі талай қырын ашуға болады. Әсіресе саяси көзқарастарын саяси ғылымдар тұрғысынан зерттеудің өзектілігі басым. Сондықтан, Абай шығармасының мазмұны арқылы саяси сипатын қарастыруға болады. Сонымен, алғашқы зерттеулерге келсек, 20-30 жылдарда ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай көзқарасын» діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның көзқарасынан талдаушылар көп болды. Дегенмен, көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, С. Қожанов, І. Жансүгіровтер өз зерттеулерін Абайтануға арнады.

Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына әсер еткен көптеген орыс жазушылары мен философтары, әсіресе, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крыпов, В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов шығармалары. Орыс революционер-демократтарының озық ойы оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сондай-ақ, Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды. Батыс Еуропа философиясын, дәлірек айтқанда Р. Декарт, Б. Спиноза, Г. Спенсер, Л. Фейербах еңбектерін оқыды: «... өзінің рационалдық философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай мектептерден өтіп, сөйтіп, бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен еткізген соң ғана жасай алды» [3]. Патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамында өмір сүріп, аса күрделі де қайшылыққа толы жағдайда өлең жазған Абай мұрасын зерттеу барысында идеологиялық тұрғыдан саяси логикалық құрылымнан қатаң кедергілер бар екенін көреміз.

Абайдың саяси-философиялық көзқарастарын оларды тек өзіне ғана тән ерекшеліктерімен, өзіндік белгілерімен және сонылығымен, басқаша айтқанда, белгілі бір дәуірмен байланысты және сол дәуірді танытатын нақты-тарихи ережелер жүйесін қалпында қабылдаған күнде ғана дұрыс түсінуге болады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев саяси және билік туралы арнайы еңбек жазбағанымен, өлеңдері мен қара сөздеріне өзі өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігін, қоғамдық өмірін, халықтың мұң-мұқтажы мен басқарудың мәселелерін арқау етті. Сол уақыттағы жергілікті атқару органдары мен билер қызметін, әлеуметтік теңсіздікті жырлаған Абай әлеуметтік істерге де араласады.

Абайдың саяси-қоғамдық ой-пікірі арқылы қоғамдық істерге араласуына келетін болсақ, ол билердің төтенше съезіне жетпіс алты баптан тұратын жаңа заң ережелерін ұсынып, осы билер съезінің төрағасы болып сайланады. Абайдың төрағалығымен өткен бұл съезде әдет-ғұрып нормаларының негізі сақталған Ереже қабылданды. Билер сотының артықшылығын көрген Абай оған Ресей империясының кейбір заң ережелерін ғана енгізеді. Бірақ Абайдың бұл реформалық талаптары патша өкіметінің отаршыл әкімшілігінен қолдау таппайды. Бұл кезде қазақ даласында 1868 жылы 21 қазанда қол қойылған «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі Уақытша Ереже» үстемдік етіп тұрған еді. Аталған ереже негізінде Ресей өкіметі қазақтардың дәстүрлі заң жүйесін бұзып, қазақтың тұрмыс-тіршілігімен үйлеспейтін заң жобасын жасады.

Бұл жағдайда Абайдың қоғамдық қатынастарға қынжылысы күшейді. Отаршыл әкімшілік енгізген ережелер мен тәртіптер болыстық пен билік мансапқа ғана қызмет етті. Қоғамдық қатынастар шиеленісе түсті. Судьялардың сатылғыштығы мен болыстардың жағымпаздығы Абайдың жүрегін жаралады. «Болыс биді құрметтейін десең құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ» деп күйіне жазған Абай, бір елдің заңы екінші елге жетекші бола алмайтындығын жақсы түсінді. Сондықтан да ол зорлықпен танылған заң ережелерін керексіз деп тапты. Абай отарлық билікті қамтамасыз етуде мың құбылып, өзгеріп отыратын сатылған заңдарды аяусыз сынады.

Сол замандағы патша өкіметінің енгізген әкімшілік басқару жүйесі әділетсіздік пен жағымсыз әрекеттерінің қазақтың билік дәстүріне кері зардабын тигізді. Бар малын шығындап, болыс болғандарды Абай сынады. Абай билік жүйесіне білімді адамдардың сайлануын жақтады. Оның ойынша білімді болыс қана сайлану құқығына ие болса, қазақ қоғамында даму болады. «Кісіге біліміңе қарай болыстық қыл», - дейді Абай.

Абай сайлау ру арасындағы араздықты қоздырады деп есптеді. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзің үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деген ойы қай заманда болса да өзекті. Абайдың бұл ойы қазіргі біздің қоғамда да және болашақта да билікке ұмтылған адамдар үшін негізгі есте сақтауға қажет қағида.

Қазақ қоғамының билік құрылымына деген алаңдаушылығын билік айта білу үшін «бұрынғы Қасым ханның «қасқа жолын», Есім ханның «ескі жолын, Өз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» құрған «Жеті жарғысын» білмек керек... ондай кісі аз, яки тіпті жоқ» деген көзқарасынан аңғарамыз.

Абайдың қазақ қоғамын сынауы қалайда қазаққа пайдалы болса екен деген ұғымнан тұрады. Жиырма екінші қара сөзінде ол «Байды қадірлеймін десең бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде жоқ. Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Мықтыны сыйлайын десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ. Есті кісіні тауып құрметтейін десең әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі есті». Яғни, қоғам кемшілігін көрсету арқылы жаманнан жиренуге үйретеді.

Абай қазақ халқының ұлы ақыны ғана емес, сонымен қатар сол кездегі қазақ даласында болып жатқан саяси өмірге де, билік ісіне де араласқан қайраткер. Абайдың билік ету қасиеті қазақтың әдет-ғұрып құқығымен және патша өкіметі енгізген сот билігін де ұғынумен байланысты. Қазақ даласының дәстүрі мен заңын жетік білген Абай орыс патшасы енгізген заң нормаларын да түсінді. Билер шешімі Абай үшін тек қана басқару мен сот жүйесі емес, сонымен қатар халықтың дәстүрі мен танымынан нәр алған билік айтуы өз халқына деген жанашырлығынан туындады.

Сонымен бірге, Абайдың қатысуымен орын алған сол қоғамдағы саяси істер ретінде Семей облысының уезаралық төтенше билер съезінде 1885 жылы Абайдың қатысуымен ережесін айтуға болады. Съезд Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде өткендіктен осы съезде қабылданған ереже «Қарамола ережесі» деген атқа ие болды.

Ереже жетпіс төрт баптан тұратын және патша өкіметі енгізген нормаларды ескере отырып, қазақ әдет-ғұрып құқығы да мейілінше сақталды. Абай басшы болып жазған «Қарамола ережесіне» құн дауы, жесір дауы, мал дауы, мүлік дауы, әмеңгерлік, мұрагерлік, дауларды шешу, үкім шығару және сот жүргізу тәртібінің ерекшеліктері енгізілді.

Қорыта келе, Абай заманында тек ақын ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамының қалыптасуына үлкен әсер еткен күрескер. Оның қайраткерлігін шығармалары мен билік айту кезіндегі шешімдерінен көреміз. Ұлтымыздың тарихын біліп қана қоймай онымен мақтана алатын ұрпақ қана дана Абайдың идеясын жалғастыра алады. Тарихтың жетістіктері мен кемшіліктерін және өткен заманның ұлты үшін жандарын қиған ұлы тұлғалары мен

ойшылдарының қоғамдық-саяси ілімдері мен көзқарастарын, ой-пікірлерін бүгінгі күнмен және болашақпен байланыстырмай қазіргі жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті мықты мемлекетке айналу мүмкін емес. Сонымен қазақ елі үшін бүгінгі мемлекеттік билік жүйесінде, ел басқаруда Ұлы тұлға Абай идеялары мен асыл сөздерін тиімді пайдалану ұлтымыздың болашағы үшін баға жетпес құндылық.

#### Әдебиет:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы//<https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. - А. , 1967, 171-6.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - А. , 1969, т.15 , 141-6.

УДК 37.017.92

Изгуттиева Г.А.,  
Преподаватель Алматинского государственного  
гуманитарно-педагогического колледжа №2.  
г.Алматы, Казахстан

### РОЛЬ СЛОВ НАЗИДАНИЯ АБАЯ В ПРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ В СФЕРЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Истины сеять зерно я хочу, окрылять языком,  
Чтоб не только в глаза, но и в души свет проник.  
Пусть же берет молодежь достойный пример с того,  
Кто не унизит стиха, кто в нем высокую мудрость постиг.  
Абай Кунанбаев Абай (Ибрагим)*

#### **Аннотация.**

*В данной статье рассмотрены философские и педагогические взгляды великого гуманиста Абая Кунанбаева на проблему нравственного воспитания. Особое внимание обращается на основополагающие общечеловеческие проблемы формирования нравственных принципов и ценностей в жизни каждого человека в словах назиданиях как средство воспитания профессионального образования в педагогическом колледже.*

#### **Annotation.**

*This article discusses the philosophical and pedagogical views of the great humanist Abay Kunanbayev on the problem of moral education. Particular attention is paid to the fundamental universal problems of the formation of moral principles and values in the life of each person in the words of edification as a means of educating professional education in a teacher training college.*

**Ключевые слова.** *Философия Абая, Слова назидания Абая, нравственное воспитание, самопознание.*

В январе 2020 года Президент РК Касым-Жомарт Тоқаев опубликовал статью «Абай и Казахстан в ХХІ веке». Статья Главы государства посвящена предстоящему 175-летию со дня рождения великого казахского поэта, мыслителя и общественного деятеля.

Президент Казахстана призвал осмыслить творческое наследие великого Абая и рационально использовать в деле модернизации общественного сознания и духовного развития нации. Тем самым, Касым-Жомарт Тоқаев концептуально продолжил духовное